



Ардагердің құрметіне ескерткіш тақта ашылды

Жеңістің – 80 жылдық мерекесі күні Ұлы Отан соғысының ардагері, КСРО -ның милиция үздігі, милиция майоры – Аяған ИСМАҒҰЛОВҚА арналып, өзі тұрған үйінде ескерткіш тақтаның ашылу салтанаты өтті.

Батырымыздың есімін ұлықтаған бұл шара – Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің – 80 жылдығына тұспа тұс келіп отыр. Ондағы мақсат – сұрапыл майданда ажалмен бетпе – бет келіп, елінің тыныштығы үшін қанын төгіп, жанын беруге әзір болған Аяған Исмағұлұлы сынды ерлеріміздің есімін ел жадында мәңгіге қалдыру. Бізге сыйлаған бейбіт өмір үшін ардагерлерімізге алғыс айтып, рухтарына тағзым ету.

Ардагер тұрған Маясова көшесі, 31 үйдегі ескерткіш тақтаның ашылу салтанатына қала әкімі Әмірхан АСАНОВ қатысып, бұл шараның мән – маңызына тоқталды.

«Аяған Исмағұлұлы сынды қан майданда кеудесін отқа тосып, Жеңіс күнін жақындатқан ардагерлеріміздің есімін әрқашан құрметпен еске аламыз. Бүгінгі іс шара соның бір көрінісі болмақ. Олай болса, батыр атамыздың ескерткіш тақтасының ашылуымен құттықтай отырып, елімізде бейбітшілік мәңгілік орнасын, енді соғыс болмасын деп тілеймін! Тәуелсіз елімізде, бүгінгідей татулықта ғұмыр



кешейік. Халқымыз аман, ел іргесі бүтін болсын. Әр отбасына бақыт пен береке қонсын», – деді қала әкімі құттықтау сөзінде.

Аяған ИСМАҒҰЛОВ 1924 жылы Меңдіқара ауданы, Татьянаовка ауылында дүниеге келген. Ең алғаш 8 – сыныпты бітіре сала «Адал еңбек» колхозында еңбек жолын бастаған. 1942 жылы әскер қатарына шақырылып, Свердловск қаласында әскери борышын өтеп, Ұлы Отан соғысына аттанып, ерен ерлігінің нәтижесінде – «Германияны жеңгені үшін» және «Жауынгерлік ерлігі үшін» тағы да басқа бірнеше медальдармен марапатталған.

Сондай-ақ 1949 жылы демобилизациядан кейін туған елінде ішкі істер органдарында – комендант, учаскелік комиссар, аға детектив қызметін адал атқарып, полиция майоры атанған. 1963 жылдан бастап Қамысты, Жітіқара, Әулікөл, Құсмұрын, Жангелдин аудандарында полиция бөлімінің меңгерушісі, ішкі істер бөлімінің бастығы болған. Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін І ші дәрежелі мадақтамалар мен «Үздік» милиция майоры төсбелгісін иеленген.